# ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

# САБАҚ ЖОСПАРЫ

- Құқықтық реттеуге жататын қатынастар
- Құқықтық реттеудің әдістері
- Құқықтық реттеудің түрлері

*Құқықтық реттеудің пәні* – *«құқық нені реттейді?»* деген сұраққа жауап берсе, әдіс – *«қалай реттейді»* деген сұраққа жауап іздейді. Егер құқықтық реттеудің пәні материалдық критерия болса, әдіс – формальді – заңи болып табылады.

*Құқықтық реттеудің әдіс* – біртекті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде қолданылатын заңи құралдардың жиынтығы.

# Құқықтық реттеуге жататын тек мына қатынастар:

- адамның еркімен пайда болып, олардың санасымен тексеріледі (бірақ психологиялық ауыру адамның тәртібі емес);
- маңыздылығы тек жеке адамға ғана емес, адамдардың бірігуіне, солай айтылатын полецейлік мемлекетке тән);
- нақтылы қатынасушылардың арасында қалыптасады, бірақ әлеуметтік құбылыстарға емес, себебі оған тек ықпал етуге мүмкіндік бар, бірақ реттеуге мүмкіндік жоқ (демографиялық, миграциондық процестер) мысалы, құқықпен реттелуі мүмкін (бірақ достық, махаббат қатынастары емес көбінде, тұрмыс, демалыс әрекеттері);
- мемлекетке бағынышты және есеп беруші, яғни олар үшін құрылғандарды, мемлекеттік билік ұйғарымдар оның мәжбүрлеу күшін қолданумен кепілденген.

# Құқықтық реттеу тәсілдері

- *диспозитивтік тәсіл* – тәуелсіздігімен және жақтардың теңдігімен сипатталады, қарым-қатынастың сипаты мен ерекшеліктерін өздері шешеді, ол негізінен жеке-құқықтық қатынастарды, яғни жекеленген азаматтар мен олардың ұйғарымдарын қатынастарын реттегенде көрінеді. («Все, что прямо не запрещено законами – дозволено» не «не запрещенное законом дозволено»);
- *императивтік тәсіл* – құқықтық қатынастарға қаты-сушылардың ирархиясына (көнелгеніне) негізделеді бір жағын (биліктік) әр уақытта мемлекет көрсетеді, өз органдарының не лауазымды адамдар түрлерімен, ал екінші жағын (бағыныштылық) – азаматтар және олардың ұйымдары көрсетеді; бұл әдіс ұйғарымды орындау үшін, тыйым салуға, міндеттілік пен мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану мүддесін көрсетіп қорқытуға негізделген («Все что не разрешено законом – запрещено»).

# Құқықтық реттеу әр түрлі тереңдігіне қарай сол аядағы адамдар ортасына таралады. Соған байланысты былай бөлінеді:

- *Жалпылама не нормативті* - құқықтық реттеу – уәкіл етілген субъектілердің өз қызметі бабының көлемінде қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіруге бағытталған әрекеттері. Ол құқық нормаларын құру, өзгерту, толтыру не жою арқылы жүргізіледі, соған сай олардың әрекет ету аясы кеңістікте, уақытта және адамдар ортасында белгіленеді. Шындығында бұл құқықтық шығармашылық әрекеттері.
- *Казуальдік не жекеше* - құқықтық реттеу – субъекті-лерінің қызмет бабы ретінде, заңды маңызы бар, заңды мәселелерді шешумен байланысты, заңдармен белгіленген процедуралық-процессуалдық нысанда өтеді, оның нәтижесі жекеше-құқықтық акт, құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқығы мен міндеттері нақтыланады.
- Локальдік құқықтық реттеу – субъектілердің қызмет бабы ретінде, әлеуметтік-заңдылық жағдайын шешумен байланысты нормативті және жекшеленген құқықтық реттеудің элементтерін өзіне үйлестіруші.